

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2020 жылдың 11 желтоқсанындағы  
№ 162 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

28 желтоқсанынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

Ақша нарығының индикаторларын есептеу

## Ә Д І С Т Е М Е С І

Өзірлеуші: Ақпарат және статистика департаменті

---

Алматы қ.  
2020

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

**1. № 1 өзгерту:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2021 жылдың 16 наурызындағы № 26 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 19 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**2. № 2 өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2021 жылдың 12 тамызындағы № 86 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 18 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2021 жылдың 24 тамызындағы № 89 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 15 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

**4. № 4 толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2023 жылдың 22 маусымындағы № 59 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) есептейтін, ақша нарығының индикаторларының тізімін және осы индикаторларды есептеу тәртібін анықтайды.

**1 бап. Жалпы қағидалар**

1. Осы Әдістемеді Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған, ұғымдар қолданылған.
2. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін:
  - 1) мәмілелер деп, Биржа өткізетін сауда-саттықтарында жасалған, мәмілелерді түсіну керек;
  - 2) өтінімдер деп мәмілелер жасасуға берілген өтінімдерді түсіну керек;
  - 3) қандай да бір қаржы құралы үшін нәтижелі күн деп, Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы қаржы құралымен соның барысында ең болмаса бір мәміле жасалған күнді түсіну керек;
  - 4) МБҚ қоржынымен репо деп, Биржаның сауда-саттық жүйесінде Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес МБҚ қоржынына енгізілген бағалы қағаздармен автоматты түрде жасалатын, репо операцияларын оүсіну керек;
  - 5) валюталық своп операциялары деп, бижалық қызметтің ережелерін анықтайтын, биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қысқа мерзімді валюталық своп деп шартты түрде аталатын, шетел валютасымен жасалған операцияларды түсіну керек (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 6) күнтізбелік күндер деп күнтізбелік жылдың барлық күндері, оның ішінде жұмыс, демалыс және мереке күндері түсініледі (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен енгізілген*);
  - 7) мүдделі тұлғалар деп қор нарығында тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі бар және Комитет мүшелері болып табылмайтын және индекстерді және/немесе индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын тұлғалар түсініледі (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен енгізілген*).
3. Ақша нарығының индикаторын есептеу үшін қолданылмайды:
  - 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталғандай, қосымша сессияларда жасалған мәмілелер;
  - 2) келіссөздік мәмілелер тәртіптемесінде жасалған, сондай-ақ ашық сауда-саттық әдісі болып табылмайтын, сауда-саттықтарда жасалған мәмілелер;
  - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында белгіленген, мәмілелерді жасасуға берілген өтінімдер.
4. Биржа келесідей ақша нарығының келесі көрсеткіштері мен индикаторларын (бұдан әрі – индикаторлар) есептейді (*осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен енгізілген*):
  - 1) репо операциялары нарығының индикаторлары:

TONIA<sup>1</sup> – осы Әдістеменің 3 бабына сәйкес әр сауда-сатық күннің қорытындысы бойынша есептелетін, мерзімі бір күндік МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме болып табылады;

---

<sup>1</sup> "Tenge OverNight Index Average".

TRION<sup>2</sup> – осы Әдістеменің 4 бабына сәйкес әр сауда-саттық күннің барысында есептелетін, мерзімі бір күнге, Орталық контрагент (бұдан әрі – ОК) қатысуымен жүзеге асырылатын, МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме;

TWINA<sup>3</sup> – осы Әдістеменің 4 бабына сәйкес әр сауда-саттық күннің барысында есептелетін, мерзімі жеті күнге, ОК қатысуымен жүзеге асырылатын, МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме;

2) валюталық своп операциялары нарығының индикаторлары:

SWAP-1D (USD) – мерзімі бір күндік тиісті валюталық своп операциясын ашу мәмілелерінің барлығы бойынша мәмілелердің көлемі арқылы алынған кірістіліктің орташа сараланған мәні болып табылатын, USD/KZT валюталық своп операцияларының кірістілік индикаторы;

SWAP-2D (USD) – мерзімі екі жұмыс күндік тиісті валюталық своп операциясын ашу мәмілелерінің барлығы бойынша мәмілелердің көлемі арқылы алынған кірістіліктің орташа сараланған мәні болып табылатын, USD/KZT валюталық своп операцияларының кірістілік индикаторы;

3) MM Index<sup>4</sup> – мәмілелердің көлемі арқылы алынған SWAP-1D (USD) және TONIA индикаторларының орташа сараланған мәні болып табылатын, ақша нарығының композиттік индикаторы *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*;

4) TONIA Compounded көрсеткіштері:

TONIA Compounded Index, қысқаша атауы "TCI" – осы Әдістеменің 3-1-бабына сәйкес әрбір күнтізбелік күн сайын есептелетін TONIA композиттік индексі;

TONIA Compounded Rate, қысқаша атауы "TCR" – осы Әдістеменің 3-1 бабына сәйкес әр күнтізбелік күн сайын есептеледі:

TCR\_1M – бір ай мерзіммен жылжымалы кезеңдер үшін TONIA құрамдас мөлшерлемесі;

TCR\_3M – үш ай мерзіммен жылжымалы кезеңдер үшін TONIA құрамдас мөлшерлемесі;

TCR\_6M – алты ай мерзіммен жылжымалы кезеңдер үшін TONIA құрамдас мөлшерлемесі.

*(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

5. Биржа осы баптың 4 тармағында белгіленген көрсеткіштер мен индикаторлар туралы ақпаратты Биржаның интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жариялайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

6. Осы Әдістемеге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар, индикаторлардың есептеу тәртібіне ықпал етпейтін редакциялық және/немесе нақтылаушылық сипаттағы өзгертулер мен толықтырулардан басқасы, Биржаның интернет-ресурсында осы өзгертулер және/немесе

---

<sup>2</sup> "Tenge repo index OverNight" ағылшын сөзтіркесінен *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2021 жылдың 16 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

<sup>3</sup> "Tenge Week INdex Average ағылшын сөзтіркесінен.

<sup>4</sup> "Money Market Index" ағылшын сөзтіркесінен.

толықтырулар қолданысқа енгізілер алдында кемінде бес күнтізбелік күн бұрын жариялануы тиіс.

7. Осы Әдістемеге өзгертулер және/немесе толықтырулар, оның ішінде индекстер мен индикаторлар есептерінің өзгертулері енгізілген жағдайда мүдделі тұлғалармен консультацияларға жол берілуі мүмкін.

Мүдделі тұлғалармен консультациялар күндізгі немесе сырттай талқылаулар мен консультациялар өткізу арқылы жүзеге асырылады, талқылау нәтижелері Комитетке шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірлерін есепке алу үшін ұсынылады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

## 2 бап.

### Индикаторлар есептеудің жалпы шарттары

1. Осы Әдістеменің 1 бабы 4 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген, Индикаторлардың мәндерін Биржа математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге дейін, ал бес және бестен жоғары сандар онға дейін дөңгелектенеді) дөңгелектеніп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейінгі дәлдікпен көрсетіп, жариялайды.

Осы Әдістеменің 1 бабы 4 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген TCI мәндерін Биржа математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін дөңгелектенеді) үтірден кейін он таңбасына дейінгі дәлдікпен жариялайды.

Осы Әдістеменің 1 бабы 4 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген TCR мәндерін Биржа математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін дөңгелектенеді) үтірден кейін төрт таңбасына дейінгі дәлдікпен жариялайды.

*(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

2. Сауда-саттық күні барысында, параметрлері қандай да бір индикаторды есептеу үшін қажет, мәмілелер болмаған жағдайда, осы Әдістеменің 3 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, осы индикаторды есептеу жүзеге асырылмайды.
3. Индикаторлардың мәндерінің қаржы нарығының объективті сипаттамаларына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, осы мәндерді Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет түзетуі мүмкін. Осындай түзетудің шарттары мен тәртібі осы Әдістеменің 7 бабында белгіленген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

## 3 бап. TONIA индикаторын есептеу

1. Биржаның әр сауда-саттық күнінің нәтижесі бойынша күніне бір рет TONIA репо операциялары нарығының негізгі индикаторы есептеледі.
2. TONIA индикаторын есептеу үшін:
  - 1) индикаторды есептеу күнінде жасалған, әрқайсысының көлемі кемінде 1 млн теңге болатын, мерзімі бір күндік МБҚ қоржынымен оепо ашылу мәмілелері таңдалады;
  - 2) таңдалған мәмілелер кішісінен үлкеніне қарай осы мәмілелердің кірістілік мөлшерлемесі бойынша сараланады;

- 3) таңдалған мәмілелердің барлық көлемінен 5 % мөлшеріндегі мән анықталады;
- 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес анықталған, кірістілік мәні ең үлкен және ең кіші мәмілелер, жиынтық көлемі 5 % мәніне тең мәмілелер кесімделеді. Кесімдеу кірістілік мәні ең үлкен және кірістілік мәні ең кіші мәмілелер бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.

Жоғарғы және төменгі шек бойынша кесімдеу үшін мәмілелер іріктелгенде, кесімдеудің 5 % мәнін орындау мақсатында мәміленің бір бөлігін кесімделуі мүмкін. Бұл ретте кірістілігі ең үлкен мәмілелерден кірістілік мәні ең кіші мәміленің бөлігі кесімделеді, ал кірістілігі ең аз мәмілелердің арасынан кірістілік мәні ең үлкен мәміле кесімделеді;

- 5) мәмілелер кесімделгеннен кейін 90 % орталық мәмілелердің жалпы көлемі есептеледі. Мұндай көлем 100 млрд теңгеден асса немесе оған тең болса, онда TONIA индикаторы осы тармақтың 6) тармақшасына сәйкес есептеледі, ал 100 млрд-тан кем болса немесе көрсетілген сауда-саттық күнінде бір күн мерзімге МБҚ себетімен репо операцияларын ашу мәмілелері болмаса – осы тармақтың 7) тармақшасына сәйкес есептеледі (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен өзгертілген*);

- 6) келесі формула қолданылады:

$$TONIA_d = \frac{\sum_{i=1}^n (V_i \times Y_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}, \text{ мұнда:}$$

- TONIA<sub>d</sub> – есептеу күндегі TONIA индикаторы жылдық %-бен;
- V<sub>i</sub> – репо операциясын ашу i-лік мәмілелердің теңгемен көлемі;
- Y<sub>i</sub> – i-лік мәміле бойынша репо операциясын ашу мәмілесі бойынша репо мөлшерлемесі жылдық %-бен;
- n – репо операциясын ашу мәмілелерінің саны;

- 7) келесі формула қолданылады (*осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен өзгертілген*):

$$TONIA_d = BRate_d + \frac{\sum_{i=1}^5 (TONIA_i - BRate_i)}{5}, \text{ мұнда}$$

- TONIA<sub>d</sub> – есептеу күніндегі TONIA индикаторының мәні, жылдық %-бен;
- BRate<sub>d</sub> – TONIA индикаторын есептеу күнінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілейтін, базалық мөлшерлеменің мәні, жылдық %-бен;
- TONIA<sub>i</sub> – есептеу датасының алдындағы, Биржаның бес сауда-саттық күнінің әрқайсысындағы TONIA индикаторының мәні;
- BRate<sub>i</sub> – TONIA<sub>i</sub> индикаторын есептеу күніне сәйкес келетін күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленетін, базалық мөлшерлеменің мәні, жылдық %-бен.

### 3-1 бап. TONIA Compounded көрсеткіштерін есептеу

1. TONIA Compounded көрсеткіштерін есептеу және жариялау әрбір күнтізбелік күн TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде жүзеге асырылады.

2. TCI келесі формула бойынша TONIA-ның соңғы есептелген мәні негізінде есептеледі:

$$TCI_i = TCI_{r-1} \times \left(1 + \frac{TONIA_r \times n_i}{365}\right), \text{ мұнда:}$$

- $TCI_i$  –  $i$ -лік күнтізбелік күнде есептелген, TONIA композиттік индексі;  
 $r$  – TONIA соңғы мәнін есептеу күні;  
 $TONIA_r$  – TONIA-ның соңғы есептелген мәні;  
 $n_i$  –  $i$ -лік күнтізбелік күн мен алдыңғы есептелген TONIA мәні арасындағы күндер саны.

3. TCI индексінің бастапқы мәні 2020 жылдың 28 желтоқсанындағы жағдай бойынша 1,000000000 тармақ деңгейінде тіркелді.

4. TCR көрсеткіштері осы баптың 2-тармағына сәйкес анықталған TCI мәндері негізінде есептеледі. TCR индекстерін есептеу кезінде есептеу кезеңіндегі күнтізбелік күндердің нақты санына тең жылжымалы терезе қолданылады, олар TONIA құрама мөлшерлемесі есептелетін мерзімге байланысты өзгереді. TCR келесі формула бойынша есептеледі:

$$TCR_i = \left(\frac{TCI_y}{TCI_x} - 1\right) \times \frac{365}{d}, \text{ мұнда:}$$

- $TCR_i$  –  $i$ -лік күнтізбелік күнде есептелген, TONIA құрама мөлшерлемесі;  
 $TCI_y$  – есеп айырысу кезеңінің ( $y$ ) аяқталу күніне есептелген, TONIA композиттік индексі;  
 $TCI_x$  – есеп айырысу кезеңінің аяқталу күні мен есеп айырысу кезеңіндегі күнтізбелік күндердің нақты саны арасындағы айырма ретінде есептелген, есеп айырысу кезеңінің басталу күніндегі ( $x$ ) TONIA композиттік индексі;  
 $d$  – есептік кезеңдегі күнтізбелік күндердің нақты саны.

5. TCR\_1M, TCR\_3M және TCR\_6M осы баптың 4 тармағында келтірілген формула бойынша есептеледі. Әрбір көрсеткіш үшін есеп айырысу кезеңінің аяқталу күні осы Әдістеменің 1 бабы 4 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген TONIA құрамдас мөлшерлемесінің мерзіміне сәйкес анықталады.

*(Осы мақала Биржа Басқармасының 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

#### 4 бап. Репо операциялары нарығының индикаторларын есептеу

1. TONIA индикаторын қоспағанда, репо операциялары нарығының индикаторларын есептеу, Биржаның әр сауда-саттық күні барысында мәмілелер жасалған сайын жүзеге асырылып отырады. Индикатордың әр бір мәнін есептеу тиісті қаржы құралы бойынша репо операциясын ашу бойынша әр бір мәміле жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.
2. TRION индикаторы МБҚ қоржынымен ОК қызметін қолданумен мерзімі бір күндік репо ашылу операцияларының барлық мәмілелерінің параметрлері негізінде келесі формуламен есептеледі:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (V_i \times Y_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}, \text{ мұнда:}$$

- $Y$  – орташа сараланған репо мөлшерлемесі, жылдық %-бен – индикатордың мәні;  
 $V_i$  – репо ашу операциясының  $i$ -лік мәмілесінің көлемі;  
 $Y_i$  – репо ашу операциясының  $i$ -лік мәмілесінің репо мөлшерлемесі, жылдық %-бен;

$n$  – репо ашу операциясы мәмілелерінің саны.

3. TWINA индикаторы, осы баптың 2 тармағында келтірілген формула бойынша мерзімі жеті күндік ОК қызметтерін қолданумен МБҚ қоржынымен репо ашу операциясының барлық мәмілелерінің параметрлері негізінде есептеледі.

**5 бап. Валюталық своп операциялары нарығының индикаторларын есептеу**

1. Валюталық своп операциялары кірістілігінің SWAP-1D (USD) және SWAP-2D (USD) индикаторларын есептеу Биржаның әр сауда-саттық күні барысында тиісінше мерзімі бір немесе екі жұмыс күндік валюталық своп операциялары бойынша, мәмілелердің жасалуына қарай жүзеге асырылады. Индикатордың әр бір жаңа мәнін есептеу тиісті валюталық своп операциясын ашудың әр бір мәмілесі жасалғаннан кейін жасалады.
2. SWAP-1D (USD) индикаторы, KASE сауда-саттық жүйесінде жасалған, мерзімі бір күндік АҚШ долларымен валюталық своп операцияларын ашудың барлық мәмілелері бойынша мәмілелердің көлемі арқылы алынған орташа сараланған мән негізінде, келесі формуламен есептеледі:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (P_i \times V_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}, \text{ мұнда:}$$

$Y$  – валюталық своптың орташа сараланған мөлшерлемесі, жылдық %-бен – индикатордың мәні;

$P_i$  – валюталық свопты ашудың  $i$ -лік мәміленің кірістілік мөлшерлемесі, жылдық %-бен;

$V_i$  – объем  $i$ -сделки открытия валютного свопа;

$n$  – валюталық свопты ашу мәмілелерінің саны.

3. SWAP-2D (USD) индикаторы, KASE сауда-саттық жүйесінде жасалған, мерзімі екі күндік АҚШ долларымен валюталық своп операцияларын ашудың барлық мәмілелері бойынша мәмілелердің көлемі арқылы алынған орташа сараланған мән негізінде, осы баптың 2 тармағында берілген формуламен есептеледі.

**6 бап. MM Index индикаторын есептеу**

1. MM Index композиттік индикаторын есептеу Биржаның жұмыс күндерінде сауда-саттықтар аяқталғаннан кейін және ағымдағы күндегі TONIA және SWAP-1D индикаторларын есептеу аяқталғаннан кейін күнде жүзеге асырылады.
2. MM Index индикаторы TONIA және SWAP-1D индикаторларының орташа сараланған мәні ретінде есептеледі. Бұл ретте, саралау үшін, осы күндегі TONIA және SWAP-1D солардың параметрлері негізінде есептелген, мәмілелердің сомалық көлемі қолданылады.

Осы күнде TONIA индикаторы осы Әдістеменің 3 бабының 2 тармағының 7) тармақшасына сәйкес есептелген болса, TONIA саралау үшін көлем 100 млрд теңгеге тең болып алынады.

**7 бап. Индикаторларға қатысты Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің айрықша өкілеттілігі**

*(Осы тақырып Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

1. Индекстерді мен индикаторлар жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) пікірі бойынша индикаторлар мен лардың көрсеткіштерінің мәндеріне



репрезентативті емес әсер ететін (әсер еткен) мәмілелердің параметрлерін қоспай, индикаторлардың мәндерін түзетуге құқылы (мысалы, техникалық қателер жіберілгендіктен, орындалмаған мәмілелер; олардың бағасы нарықтық жағдаймен және/немесе тиісті қаржы құралдарының бағаларының нарықтық динамикасымен айқын сәйкес келмейтін мәмілелер) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы және 2021 жылдың 24 тамызындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

Егер Комитет кез-келген мәміленің (мәмілердің) параметрлерін қандай да бір индикатордың есептеуінен алып тастау туралы шешім қабылдаса, онда осы көрсеткіштің тиісті қайта есептелуі осы көрсеткіштің репрезентативті емес мәні алынған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Комитет өзінің айрықша өкілеттіктерін осы баптың 1-тармағына сәйкес қолданған кезде, оның отырысының хаттамасында осы өкілеттіктерді пайдалану себептері және осы өкілеттіктерге сәйкес жасалған іс-әрекеттер көрсетілуі керек.

#### **8 бап. Индикаторды есептеуді тоқтату**

1. Көрсеткіштерді есептеу тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ индикаторды есептеу өзгерген жағдайда немесе басқа себептер бойынша, нарық құрылымының өзгеруіне байланысты немесе олар өлшейтін көрсеткішке қатысты көрсеткіштердің репрезентативтілігіне әкелмейтін жағдайларға байланысты Комитет, соның барысында бар индикатор қолданыста болатын бір жылдан аспайтын өтпелі кезеңнің ұзақтығын анықтайды.
2. Қажет болған жағдайда Комитет жаңа индикаторға жүйелі түрде ету үшін параллельді индикаторларды енгізе алады (мысалы, мүмкін болса, қолданыстағы келісімшарттар және қаржы құралдарымен мәмілелерді осы индикаторды пайдаланумен орындалуы үшін, бар индикаторды белгілі бір уақыт кезеңінде есептеп, жаңа индикаторды бір уақытта жариялау). Қолайлы альтернативаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жаңасы қабылданғанға дейін индикаторды есептеу уақытша тоқтатылады.
3. Баламалы индикаторды таңдау және оған ауысу үдерісіне, конкурстық негізде сайланатын, үшінші тарап болып табылатын, кеңесші-ұйым тартылуы мүмкін. Биржа, қандай да бір көрсеткіштерді анықтау үшін немесе қандай да бір басқа да мақсаттарда индикаторларды пайдаланатын, мүдделі тұлғалар мен банктерге қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануды нұсқауы тиіс:
  - 1) индикаторға сілтеме беретін, келісімшарттардың немесе басқа да қаржы құралдарды бар болуын, сілтеме жасалатын, индикаторды есептеуге елеулі өзгертулер енгізілуі немесе біржола тоқтатылуы;
  - 2) Биржаға тәйуелді емес, түрлі факторлардың, соның ішінде сыртқы факторлардың индикатордың елеулі өзгертуге әкеп соқтыру мүмкіндігінің бар болуы туралы ақша және қор нарықтарының қатысушыларының хабардар болуы.

#### **9 бап. Бақылау және аудит жүйесі**

1. Комитет Индикаторлар мен индикаторлар жөніндегі комитет туралы Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес Комитетке қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет ұсынылатын индекстер бөлімшесінің есептерін қарау арқылы осы Әдістеменің индикаторларын қалыптастыру және тарату және өзектілігін бақылаудың тиісті жүйесін қамтамасыз етеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 22 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Есептеу үдерісі мен ақша нарығының индикаторларын таратудың құжаттауы осы Әдістеме болып табылады.
3. Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сауалы бойынша ақша нарығының индикаторын есептеу және тарату тәртібі туралы, сондай-ақ индикаторлардың мәндері туралы мәліметтер туралы толық ақпарат беріледі.
3. Индикаторды қалыптастыру және тарату үдерісінде Комитет келесіні қамтамасыз етеді:
  - 1) Биржа мен, мүдделі тараптар болып табылатын, биржалық нарықтың қатысушылары арасында туындаған шиеленісулерді реттеу;
  - 2) индикаторды қалыптастыру үдерісінің мұқияттылығы мен тиісті сапасы, атап айтқанда индикаторды қалыптастыру үшін сенімді кіріс деректерін ұсынуды ынталандыру шаралары, оның ішінде олардың ақпарат көздерін дұрыс тексеру, есеп берушілік механизмдерінің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, сапалы инфрақұрылымын қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару саясатына және процедураларына, оның ішінде операциялық тәуекелдерге, және индикаторды есептеу әдістемесін нарыққа қатысушыларымен келісу бойынша шаралар;
  - 3) индикаторларды әдіснама және ақша және қор нарықтарының индикаторларын есептеу саласында кәсіби білімдері бар қызметкерлер жүзеге асырады.

**10 бап.**

**Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Әдістемеге уақытылы өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізуге (актуалдылауға) ақпарат және статистика бөлімшесіне жүктеледі.
2. Осы Әдістеме қажетіне қарай, бірақ осы Әдістеме қолданысқа енгізілген күннен бастап кемінде үш жылда бір рет, актуалдыланып тұруы тиіс.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.